Бекітемін:

Мектеп директоры м у а: К. Мустафаева.

## №8. Т. Бегманова жалпы орта мектебі кмм ұлдар ұйымының іс жоспары

2023-2024оқу жылы

| № | Істелінетін жұмыстар | мерзімі | жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Ұлдар ұйымының жұмысын жоспарлау.<br>Мектеп ішкі тәртіп ережелері | қыркүйек | ДТІЖО<br>ұйым төрағасы<br>АӘД пән мұғ |
| 2 | ИДНмен кездесу.<br>Мақсаты:жасөспірімдердің құқығын қорғау және қылмыстың алдын алу | қазан | ДТІЖО<br>Ұйым төрағасы<br>ұйымдастырушы |
| 3 | Ұлдар жеке бас гигиенасы дәрігермен кездесу | қараша | Мектеп медбикесі<br>сынып жетекшілер |
| 4 | Діни теріс ағымдардың алдын алу | желтоқсан | Педогог-психолог<br>Ұйым төрағасы<br>Тәлімгер<br>ауыл имамы |
| 5 | Әскер қатарынан келген азаматтармен, интернационалист-жауынгерлермен кездесу | қаңтар | ДТІЖО<br>Ұлдар ұйымының мүшелері<br>АӘД пән мұғ |
| 6 | Ұл бала мен қыз бала сыйластығы.<br>Ұлдарға өсиет. | ақпан | Ұйым мүшелері<br>Тәлімгер,психолог<br>медбике |
| 7 | «Жігіттің сұлтаны» байқауын өткізу. | наурыз | Д\ ш пән мұғалімдері |
| 8 | Жасөспірімдермен жас ерекшеліктеріне қарай әңгіме өткізу.Мектептің кәсіптік бағдар жұмыстарына қатысу. | сәуір | Ұлдар ұйымының мүшелері<br>Кәсіптік бағдарлаушы |

## №8. Т. Бегманова жалпы орта мектебі кмм 2023-2024 оқу жылындағы «Ұлдар ұйымы» комитетінің құрамы

| № | Аты- жөні | Қызмет лауазымы | ұлты | білімі | телефон | мекенжайы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Д.Сарсенов. | Кеңес төрағасы | қазақ | жоғары | 87711371999 | Аққорған е/м |
| 2 | Ш.Бекболат | Төраға орынбасары | қазақ | жоғары | 87021329720 | Абай.а |
| 3 | М.Турсынбаев | Төраға орынбасары | өзбек | жоғары | 87713285888 | Аққорған е/м |

Мектеп директоры м у а: Мұстафаева: К.

№8 Т. Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жалпы ұл балалар жиналысындағы мектептің ішкі тәртібі

Хаттамасы №1

Аққорған ауылы 04.09.2023 ж.

Өткізілетін орны: мектеп АКТ залы

Жиын төрағасы: мектеп директорының м.у.а: К.Мустафаева

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері, 8-11 сынып оқушылары

Күн тәртібінде:

1. Ішкі тәртіп

2. «Ішкі тәртіп » туралы қысқа баяндама Д. Сарсенов

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының м.у.а К.Мустафаева сөз сөйлеп,ол өз сөзінде: «Балалардың амандығы біздің басты байлығымыз» дей келе елімізде орын алып жатқан келеңсіз оқиғалар бойынша сөз сөйледі.

№8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде «Ұлт тәрбиесі ұл тәрбиесі» тақырыбында жиналас өткізілді. Жиналыста бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұл балаларға мектепке тыйым салынатын өткір, кесетін заттар, ұялы телефон әкелмеу туралы, сабақтан себепсіз қалмау, кешікпеу, әдептілік этикасы, мектеп формасы, шаш үлгісі талапқа сай болу керек екендігі, жалпы мектептің ішкі тәртіп ережелері таныстырылып, айтылды. Сонымен қатар түнгі уақытта көшеде жүрмеуі және жолда жүру ережелері, бала өмірінің қауіпсіздігі туралы түсінік берілді.

Қылмыстық жауапкершілік туралы бейноролик көрсетіліп оқушылармен ой қозғап, кері байланыс өтті.

№8 Т.Бегманова атындағы білім беретін мектебінде өткізілген жиналыстың хаттамасы

**Өткен мерзімі:** 29.11.2023ж
**Қатысушылар:** Мектеп инспекторы Т.Қоштаев
Тірбие орынбасары : Абдиев М
Психолог: Байтасова К
Төраға: Д. Сарсенов
Орынбасары: М Турсумбаев
Орынбасары: Бекболат Ш

**Мақсаты:** ***Жасөспірімдердің құқығын қорғау және қылмыстың алдын алу***

**Абай ауылы**

**№2 ХАТТАМАСЫ**

Жалпы құқық тәртібін бұзуға бейім балалар, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасап ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шыққан. Ал, енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып,мектептен бос уақыттарында немен шұғылданып жүргендерін қадағаламауынан орын алады.

«Ел болам десең,бесігіңді түзе» деп атам қазақ айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне мән беріп, бос уақыттарында немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізер еді.

Сонымен қатар, әр азаматтың міндеті-заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау. Заңның ең басты мақсаттарының бірі – қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.Заңды білмеу, оны бұзу - жауапкершіліктен құтқармайтынын жас ұрпаққа үнемі түсіндіреміз.

Жиналыс төрағасы: Д.Сәрсенов

Орвнбасары: Бекболат Ш

**№8 Т. Бегманова атындағв жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жалпы ата-аналар жиналысындағы Өмір қауіпсіздік ережесінің**

№3

**Ақкорған ауылы** **26.12.2023 ж.**

**Өткізілетін орны:** мектеп АКТ залы
**Жиын төрағасы:** Сарсенов Д
**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі, АӘД ,мектеп психолоктары ,7-11 сынып оқушылары, ата-аналар камитеті.

**Күн тәртібінде:**

1.«Теріс ағымның алдын алу» тақырыбында

2. «Теріс ағымның алдын алу» туралы қысқа баяндама Момбеков Нұрбек

1. Оқушылардың адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу.
2. Оқушылардың діни көзқарасын қалыптастыру.
3. Оқушыларға «экстремизм», «терроизм» ұғымдарын қалыптастыру.

Осы мақсатқа сүйене отырып №8 мектеп діни-экстремизмнің алдын-алуға байланысты жоспар құрылып мына төмендегі жұмыстар жүргізілді. Желтоқсан айында 7-11 сынып оқушыларымен «Діннің рухани байлығы» тақырыбында ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Желтоқсан айында «Діни экстремиз дегеніміз не? » тақырыбында 11 А сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өтті. Оқушылар арасында қазіргі таңда әлемнің түкпір –түкпірінде болып жатқан діни экстремизм және терроризмнің алдын-алуға байланысты сұрақтар қаралып талқыланды.

Сіз бен біз ақпараттандыру заманында өмір сүріп отырмыз. Ғаламтор мен түрлі гаджеттер біздің өмірдің бір бөлігін құрайды. Ғаламтор желісі шегі жоқ бір лабиринт секілді. Ақпаратқа қызыққан жас бала бір ғана пернені басып адасып кетуі бек мүмкін. Мысалы, бір ғана Алматыда соңғы жылдар ішінде 300-ден астам эстремистік насихат жүргізетін интернет құралы жабылған. Мұнымен күрес жалғасуда, бірақ, интернеттен діни ақпарат алғысы келген жастарымыз үшін қауіп сейілді деп айта алмаймыз.Бала тәрбиесі туралы бейноролик көрсетіліп ата-аналармен ой қозғалды

**Тәрбие орынбасары:** Абдиев М

**Жиын төрағасы:** Сарсенов Д
**Төраға орынбасарлары:** Бекболат Ш
Турсынбаев М

№ 8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектебінің
8-11 сынып оқушылары арасында өткізілген жиналыс

# Хаттамасы

16.02.2024ж

**Қатысқандар:**

Келес АПБ.ЮПТ.полиция майоры – Т.Қоштаев
ДТІЖО-Н.Сапарбеков
Педагог-психолог-С.Туякбаева, К.Байтасова
Сынып жетекшілер-14
Оқушылар-8-11 сынып

**Күн тәртібінде:**

1. Оқушыларға көшеде жүру ережелері және автобусқа міну,түсу, автобустың ішінде өздерін тәртіпті ұстауды түсіндіру. Жол-көлік жарақатының алдын алу.
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу.
3. Кезектегі мәселелер.

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Сапарбеков
**а)**Тротуар болмаған жағдайда көлік қозғалысына қарсы жолдың сол жақ жиегімен жүру керек
**ә)**Жүру бөліктерінен өткенде тұрып қалма және асықпа
**б)**Жолдың жүру бөлігінде және тротуарда ойнауға болмайды.
**в)** Жолдың жүру бөлігінде емес, тротуармен жүру
**г)**Автобустың алдынан да, артынан да өткен қауіпті. Абайлау керек.
**д)**Жеңіл көлікпен де автобустан түскенде, тек тротуар жақтан түсу қажет.
Деген тақырыпта түсіндірді.

Мектеп инспекторы Т.Қоштаев сөзге шығып кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта үй-жайдан тыс жерде ата-анасыз немесе заңды өкілдеріснсіз жүруге болмайтындығы, жолда жүру барысында жол қауіпсіздігін сақтау, жаңа жыл мерекесінде пиротехникалық заттарды қолдануға болмайтындығын, ұсақ бұзақылық үшін қолданылатын жазалар жөнінде оқушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу туралы айтып өтті. Сонымен қатар Білім алушыларға ең алдымен жолда жүру ережелері туралы, мектепке ұялы телефонға тыйым салынғаны туралы, кешкі мезгілде көшеде жүрмеу, кәмелетке толмағандарға түнгі уақытты көңіл көтеру орындарына баруға тыйым салу, сондай-ақ, кәмелетке толмағандарға спирттік ішімдіктері мен темекі тауарларын сатуға тыйым салу туралы айтты.

Мектеп педагог психологі С.Туякбаева мектептің ішінде де техника қауіпсіздігін сақтау керектігін ескертті. Әдет сақтап жақсы оқушы болуға үгіттей келе, бір-біріне әлімжеттілік жасамауға, зорлық-зомбылық жасамауға ондай келеңсіз жағдай болса өзіме келіп айтыңдар немесе сынып жетекшілерге, психолог апайларға айту керек, болмаса «Сенім жәшігіне» жазбаша тастауға болатынын айтты.

Дене тазалығын сақтау, сабақтан қалмау керектігін ескертті.

Жиналыс төрағасы: Н.Сапарбеков

Хатшы: Ш.Килыбаева

**№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектебі**

**«Әкелер мектебі» мен ұлдар ұйымы жиналысының хаттамасы**

**№4**

**17 қаңтар  2024 жыл**

**Тақырып: «Әке төріне сенбе, еткен еңбегіне сен»**

**Қатысқандар: Әкелер мектебі ұымының төрағасы:** Халматов Т
**Аудандық әкелер мектебі ұымының мүшесі:** Қалдыбеков Ә
**Мектеп директоры:** Амирова М

Балаларға отбасының ұйтқысы, негізгі тірегі әке екенін, әкеге деген сүйіспешілікке тәрбиелеу. Бала мен әке арасындағы тығыз әрі ыстық байланысты ұғындыру. Отбасындағы әке орнын, рөлін көрсете отырып, халықтық тәрбие негіздеріне тоқталу; Оқушыларды үлкендерді сыйлауға, әкені пір тұтуға, адамгершілікке, әке мен ер азамат ұғымының мәнін ұғынуға тәрбиелеу мақсатында "Әкеңнің төріне сенбе,еткен еңбегіне сен" атты дөңгелек үстелі ұымдастырылды өтті. Аталған іс шараға 8-11 сынып ұлбалалары қытысты.

**Тәрбие орынбасары:** **Абдиев М**

**Ұлдар ұйымының төрағасы:** **Сарсенов Д**